

*Бекітемін:  
«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай-бақшасы»  
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

## **«ҚОШ БОЛ, БАЛАБАҚШАМ!»**

*(МАД, «Алтын сақа » тобының мерекелік ертеңгілігі)*



*Тәрбиеші:  
Жамшиова Г*

*Орысбаева А*

*Таушық ауылы, 27.0.2025*

**С. Әлинұр:**

Құрметті қонақтар армысыздар,  
Бәріңізде есен сау бармысыздар?  
Қоштасатын күн келді бақшаменен  
Апайларға айтатын алғысым бар.

**Райана:**

Ақ тілекті ағытып біз тастайық,  
Қоштасатын әнімізді бастайық.  
Әдеппенен өнегені үйреткен,  
Бақшамызды есімізге сақтайық!

**С.Әлинұр:**

Білім нәрін аламын,  
Мен бақытты боламын.  
Балабақшам Күншуақ  
Желбіресін жалауың.  
Тәрбиенің бастауы,  
Балғын шақтың дастаны.  
Күншуағым тамаша,  
Әркез ашық аспаны.

**Райана:**

Құшағыңда жарқылдап,  
Өтті сәби күндерім.  
Би биледім ән тыңдап,  
Алаңдауды білмедім.  
Гүлге толы жан-жағым,  
Асыр салып жүгірдім.  
Өсті талап-талғамым,  
Көп нәрсені ұғындым.  
Сен үйреттің сөйлеуді,  
Сенде ойым есейді.  
Мектепке барам мен енді,  
Балабақшам қош енді.  
Бүгінгі қоштасу кешімізді бастай отырып ортаға білім мен тәрбие нәріне сусындатқан  
апайларымыз Гүлжихан Оңашқызымен Алтынтөре Қалдыгерейқызын шақырамыз

**Г: Армысыздар құрметті біздің қонақтар!**

Армысыздар аяулы біздің аналар!

Бүгін біз бірнеше жыл мәпелеп, тәрбиелеген балабақша бүлдіршіндерін ұямыздан  
ұшырып, мектепке шығарып салғалы отырмыз. Қуаныштарыңыз құтты болсын!

**А:** Ендеше «Қош , бол балабақша» атты мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз. !Бүгінгі  
кешіміздің сәні «Күншуақ» бақшасының 2024жылғы түлектерін қарсы алыңыздар!

Г: Спортты жаны сүйеді  
Салаутты өмір сүреді.  
Бар қоғамдық жұмыстың,  
Ортасында жүреді.  
**Нұрдос** топтың жүрегі.

А: Өлшеу жоқ өнерінің табысына,  
Болашаққа ойдағыдай барысына.  
**Ақбөбектей** қызымыз бар  
ортамызда,  
Көрсеткен үздік өнер сайысында.

Г: Сап-салмақты тап-таза болып  
жүреді,  
Қуанғанда **Хафиз** тек жыммып  
күледі.

А: Кіп-кішкентай болса да  
Елді аузына қаратар.  
Сүйкімді қыз **Асманы**  
Көркі оның көз тартар

Г: **Ақансері** деген бала бар,  
Бойында түрлі сала бар.  
Көпшілікті қуантып,  
Үлкен үмітпен қаратар.

А: Мөлдіреген көздері  
Салмақты оның сөздері.  
**Жұлдызай** деген қызымыз,  
Жайна жүреді үнемі.

Г:  
Сері зой, өжет  
мінезді **Жарасымыз!**  
Топтағы нағыз жігіт қараңыз!  
Талпынып қуантады білімімен,  
Ата- ана сізге алғыс айтарымыз!

А: Мінезі жібектей жайдарлы  
**Медина** топтың айнасы  
Анадан алған ақылын,  
Ісімен бізге танытты.

Г:  
Спортпенен білім жағын бір  
қосқан,  
Кем қалмаған талантпенен  
табысқан.

Қараңыздар **Сағындық**  
**Әлинұр** ортада,  
Тауды бұзар шын кіріссе  
намыстан.

А: Ортамыздың базары,  
**Кәусар** біздің ерке қыз  
Әр қылығын көтеріп,  
Еркелете береміз.

Г:  
Қой аузынан шөп алмайтын  
момақан,  
Тап-таза болып жүреді **Нұралы**  
деген балақан.

А: Биязы мінезіменен  
Түрлі рөлді сомдайды,  
Күлімдеген **Ханшайымды**  
Барлық досы қолдайды.,

Г: **Шапағат** деген ұл да бар,  
Қыздар оны мақтаған.  
Жарыс десе жайнайтын,  
Топ намысын қорғайтын

А: Біледі ол жақсы менен  
жаманды,  
Өнерменен тамсандырған адамды.  
**Райана** біздің ортамызда сұлу  
қыз,  
Сұлулығымен бағындырар  
ғаламды.

Г: Парасатты ер жігіт,  
Ақылменен біледі.  
Сегіз қырлы, бір сырлы  
**Әлинұр** күліп жүреді.

А: Қызымыз бар **Айзере**  
Өзі сондай әдемі,  
Жарасады өзіне әдеби мен  
мәнері.

Г:  
Достық жолы- дара жол,  
Достық жолы- адал жол,  
Адалдықты, достықты  
Ата- ана сізден алған зой!  
Ән салғанда шырқап бір,  
Шаршамайды сірә бір.

*Досхан біздің өнерлі,  
Сырын терең ұға біл.*

*А: Жарқын жүзді гүліміз,  
Ұлы ойшылдай болатын.  
Аршат деген қызымыз.*

*Г:  
Әдепті, үлгіні кім берген,  
Әрине, Ата-ана сіз екен.  
Сәбидей, ақ жарқын мінезді  
Әбілмансұр біздің үлгілі.*

*А:  
Майысып, жымыып отырған  
Айжұлдыз біздің жұмбақ жан  
Достық деген сезімді  
Қастерлеген асыл жан,*

*Г:  
Бір бойынан бар қасиет табылған  
Біздің Нұрхан озып шығар бар  
ұлдан .*

*А: Әнші әрі бишіміз,  
Қол соғайық бәріміз.  
Аянатты деген сұлу қызды  
таныңыз.*

*Г: Гауһартас — аяулы ару қыз,  
Келбетті, әдепті, байыпты.*

*А:  
Бойында үлкен намыс бар,  
Әрқашан алға ұмтылған.  
Сегіз қырлы, бір сырлы  
Намысшыл жігіт Алихан*

*Г:  
Сабырлы, жайсаң мінезі  
Адалдықты сүйеді.  
Бәрі де бәрі сыйлайды  
Топтас құрбы Асылтасты.*

**Гүлжихан апай.**

**Хор: «Бақшамызға мың алғыс!»**

**С.Әлинұр:**

*Бүгін қызық, бүгін той,  
Біздер үшін біліп қой,  
Әнге салып, би билеп,*

*Жалғастырсын ойды-ой-дей келе өлең-шумақтарымен балаларды ортаға  
шақырамыз.*

**Тақпақтар: Асма, Хафиз, Ханшайым, Нұралы, Айзере, А, Әлинұр,  
Гауһартас. Әбілмансұр**

**Асма:**  
*Қанша күндер өткіздім,  
Балабақша бағында.  
Көп оқыдың көп білдің  
Ел мен Отан жайында.*

**Хафиз:**  
*Ойыншықты жинаймыз,*

*Бөбектерге сыйлаймыз.  
Үлкен болып өссекте,  
Бақшамызды қимаймыз.*

**Ханшайым:**  
*Біз бақашаға барамыз,  
Ойнаймыз ән саламыз  
Тәрбиеші апайлар*

*Досы барлық баланың.*

**Нұралы:**

*Тәтті күндер куәсі,  
Қош бол бақшам, гажабым.  
Балдай тәтті бал күндер  
Тарқамасын базарың.*

**Айзере:**

*Тәрбие берген ұямыз,  
Тәртіпті бала боламыз.  
Қоштасып балабақшамен,  
Мектепке кетіп барамыз.*

**А,Әлинұр:**

*Бақшадағы күндерді,*

**Райана:**

*Берекеді осында,  
Мерекеде осында.  
Болып жатыр қуаныш,  
Балалармен қосыла.  
«Жігіттер» тобының орындауында «Асық» биін қабыл алыңыздар!*

*Би: «Асық»*

**Орындайтындар:** *Ақансері, Жарас, Нұралы,  
Әбілмансұр, А.Әлинұр, Алихан*

**Райана:** Әлинұр, есінде ме, ең алғаш балабақшаға келген күндерің? Біз ата-анамыздан қалмай жылаушы едік қой. Енді міне, сол бақшамызбен қимай қоштасқалы тұрмыз.

**С.Әлинұр:** Иә, қасық ұстауды да білмеуші едік. Енді қолға қалам, қарындаш ұстап , сурет салуды да үйрендік.

**Райана:** Біз дұрыс сөйлеуді де білмейтін едік, енді міне ән айтып, тақпақ жаттайтын болдық.

**С.Әлинұр:** біз сүрінбей жүре алмайтын едік, енді міне , мың бұрала би билейтін болдық.

**Райана :** Менің есімде , өзіміз киініп, жуына алмайтынбыз. Ал,қазір өзіміз киініп, жуынып, киімімізді де жинайтын болдық.

**Нұрхан:**

*Гүлдендірген бақшаны  
Меңгеруші апай жақсы адам  
Сондықтан да біз үшін  
Артықсыз сіз басқадан  
Алмагүл Ерболатқызына мың алғыс!*

*Есімізде сақтаймыз.*

*Апайлардың үмітін,  
Біз балалар ақтаймыз.*

**Гауһартас:**

*Оқимыз білім аламыз,  
Болашақ жолын саламыз.  
Бақшамызбен қоштасып,  
Біз мектепке барамыз.*

**Әбілмансұр;**

*Қуанамыз сыйлаймыз,  
Қуаныштың мың гүлін  
Бақшамызды қимай біз  
Қоштасатын күн бүгін.*

**Жарас:**

Қуансақ бірге қуанған,  
Күлімсіреп қараған.  
Әдіскері бақшаның  
Айгүл апайды сағынам.  
Айгүл Әлиасқарқызына мың алғыс!

**Медина:**

Жазу жазып үйреткен  
Әріптерді оқытқан  
Санамақты жаттатып  
Санауды бізге үйреткен  
Жақсы болсақ қуанған  
Қате болсақ кешірген  
Гүлжихан Оңашқызымен Алтынтөре Қалдыгерейқызына  
Айтамыз біз мың алғыс.

**Жұлдызай:**

Бізді баптап қараған  
Күлімдеген жақсы адам  
Ақ төсекке жатқызған  
Басымыздан сипаған  
Гауһар Орынбасарқызына мың алғыс.

**Аянат**

Денсаулыққа болаттай  
Ауруларды жолатпай  
Күнде болған әбдігер  
Қамқоршымыз дәрігер  
Дәрігер Құралай апайға мың алғыс!

**Айжұлдыз:**

Тәтті тамақ пісіретін,  
Айран сүтін ішкізетін,  
Аспазшылар сіздерге  
Айтамыз бізден мың алғыс!

**Досхан:**

Жайдары жүз, ай қабақ  
Жүреді бізді аймалап  
Тобымызға жиі кеп  
Білгеніңді сұрайтын  
Ақыл айтып тұратын Ақшагүл апайға  
мың алғыс!

**С.Әлинұр:** Ендеше, осындай жағдайға жеткізген апайларымызға тақпақтарымызды арнаймыз .

**С.Әлинұр:** Ортада: «Ұстазым» әні .

**Орындайтындар:** Досхан-Аршат ,

**С.Әлинұр-Райана.**

**Асылтас-Алихан-Гауһартас,**

**Райана:** «Наз» би тобының орындауында «Торсық» биі қабыл алыңыздар!

**Би:** «ТОРСЫҚ»

**Орындайтындар:** Жұлдызай-Аршат, Аянат-Кәусар, Айзере-Айжұлдыз.

**С.Әлинұр:** Хор: «Оқуда озат боламын!»

**1 қатар:** Нұрдос, Жұлдызай, Ақансері, Кәусар, С. Әлинұр, Райана, Шапағат, Аршат, Досхан, Аянат. Нұрхан.

**2 қатар:** Асма, Хафиз, Медина, Жарас, Ханшайым, Нұралы, Айзере, А. Әлинұр, Айжұлдыз, Әбілмансұр, Асылтас, Алихан, Гауһартас.

**Көрніс:»Білім ханшайымы»**

**Білім ханшайымы: Ақбөбек**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?

-Мен «Білім» ханшайымы, сендердің білімдеріңді сынағалы келдім. -Балалар, сендер білесіңдер ма, «Білім» теңізіне тек білімді, өнерлі, тәртіпті, ақылды балалар ғана бара алады. Ал, жолдамалар сендердің дайындықтарыңа қарай беріледі. Ендеше, жолдамалар мынадай:

**1-жолдама:** «Сандар еліне» беріледі.

а) *Іден-10ға дейін санап, тура –және кері жазамыз?*

**Нұрдос-1, Жұлдызай-2, Ақансері-3, Кәусар-4, С. Әлинұр-5, Райана-6, Шапағат-7, Аршат- 8, Досхан-9, Гауһартас-10.**

б) *Сандардың көршісін тап? 5 саны, 3 саны, 8 саны, 6 саны.*

в) *«Пішіндерді құрастыр»*

**үшбұрыш-** Мансұр-Ақансері,

**дөңгелек,** Жұлдызай-Асма,

**шаршы-** Нұрхан-Нұралы;

**сопақша-** Аршат-Айзере;

**Тіктөртбұрыш-** Досхан-А. Әлинұр.

с) *«Кеңістікті бағдарла» (столдың астында текше, конус, цилиндр, шаржаттамайды жақша ішіндегі сөзді.) Нұрдос пен Жарас*

д) **Енді мен сендерге бір жұмбақ-есеп жасырайын, шешуін кім табар екен?**

1. Мүз айдында 4 бала,

Асыр сап жүр сырғанап

Сырғанамай 1 бала,

Жағалауда тұр қарап.

Енді осы барлық баланың,

Санын айтсаңдар жарадыңдар. (бес)

Асылтас-4, Алихан- + ; 1- Гауһартас ; Масұр =; Айжұлдыз-5.

2. Көгалда 7 қоян отыр. Аңшы мылтық атқанда 3қоян қашып кетті. Көгалда неше қоян қалды?

А. Әлинұр-7; Айзере - ; Нұралы-3; Ханшайым=; Медина- 4.

**2-жолдама:**

1. *Дыбыстар нешеге бөлінеді?(2-ге, дауысты дауыссыз)*

2. *Дауысты дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз?(қызыл)*

3. *Дауыссыз дыбыстар ше?(көк)*

4. *«Мақал-мәтел сайысы» ойыны. Оң жақтағы балалар мақалды бастайды, сол жақтағы балалар мақалды жалғастырады. (Мақалдарды жаттамайды.)*

Кітап- алтын қазына.

Ата бәйтерек, бала жапырақ.

*Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.*

*7 рет өлшеп, 1 рет кес.*

*Әке- асқар тау,*

*Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.*

**3-жолдама:** *«Жұмбақтар еліне саяхат». Жұмбақ шешуге қалай екенсіңдер, көрейік.*

**1-жұмбақ:**

*Тұрады ол сөреде,*

*Іші толы өнеге. (Кітап)*

**2-жұмбақ:**

*Өзі сөйлей білмейді,*

*Жүрген ізі сөйлейді. (Қаламсап)*

**3-жұмбақ:**

*Тілден ұшып,*

*Құлаққа қонады. (Сөз*

*«Әріптер сөйлейді» Дөңгеленіп тұрған әріптерді айнала билейміз, әуен тоқтағанда қандай әріп түссе сол әріптен басталатын тақпақ айтып береміз.*

**Райана:** Ортада «Күн шапағы» биі. Қарсы алыңыздар!

**«Күн шапағы» биі.**

**С.Әлинұр:** Балалардың жыр-шумақтарын қабыл алыңыздар!

**Тақпақтар:** Асылтас, Шапағат, Кәусар, Ақансері, Нұрдос.

**Асылтас**

Беріп тәлім тәрбие,

Үйрететін ән биге

Балабақша бал дәурен,

Нұр сыйлайды әр үйге.

**Шапағат:**

Балабақшам сүйікті,

Ән салдыртты билетті.

Шынықтырып дененді,

Шымыр болуға үйретті.

**Кәусар:**

Қолыма гүл аламын,

Дайың дәптер қаламын,

Мен мектепке барамын.

Қуанышым менің мол

Мектебіме тартым жол.

Балабақшам қош сау бол!

**Ақансері**

Оқимыз білім аламыз,

Болашақ жолын саламыз,

Бақшаменен қоштасып,

Біріншіге барамыз.

**Нұрдос,**

Ән айтқызып билетер,

Балабақшам мекенім,

Қош бол, қимай барамын,

Балдай бақша мекенім.

Шапағат: Отан.

**О-Асылтас,**

**Т-Гауһартас,**

**А-Досхан,**

**Н-Нұрхан. сөзін жазамыз.**

**Алихан:**

Біз кішкентай бүлдіршінбіз  
Бақыт сыйлар ұл мен қызбыз  
Қуанышты көңіл сыйлар  
Мерекеге қош келдіңіз  
Күншуақтай бақшамыз бар таң қалдырар  
Өнерімен дүйім жұртты тамсандырар  
Бүлдіршінбіз күлімдеген жан шуақты  
Ән мен жырдан шашу шашып нәр алдырар

**К-Асма,**

**Ү-Хафиз,**

**Н-Медина,**

**Ш-Жарас,**

**У-Ханшайым,**

**А-Нұралы,**

**Қ-Айзере**

**Аршат:**

А деген ол –  
Аналар ғой ардақты.  
Ә деген ол, әкелер ғой салмақты.  
Б деген ол, балалар ғой әдемі  
Біздің елде үшеуі де кәделі.  
Бес болсын алар бағамыз,  
Білімнен бақыт табамыз.  
Өнер-білім көп тоқып,  
Өсе берсін санамыз.

**Ә-Аянат,**

**Р-мансұр,**

**І-Айжұлдыз,**

**П-А.Әлинұр. сөзін жазамыз.**

*Райана: Ортада «Көңілді жігіттерді» қарсы алыңыздар!*

*Би: «Көңілді би»*

*С.Әлинұр, Хафиз, Мансұр, Дасхан.*

*Нұрдос, Шапағат, Нұрхан.*

**Алтынтөре:** Бұлбұлдай сал, күй шертсең , аңыратып,  
Орман, тоғай, өзенді жамыратып.  
Аңыратып , ағызып ән нөсерін,  
Толқынымен жүректі жадыратып.

**Ортада «Балауса» балалар оркестрінің орындауында Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйі.**

**Күй: «Әлиқисса».**

**Орындаушылар:** Досхан, Айзере, Жарас, Аршат, А.Әлинұр, Асма, Нұралы, Жұлдызай, Шапағат, Гауһартас, Кәусар, С.Әлинұр, Айжұлдыз.

**С.Әлинұр:**

*Ұмытылмай балабақша вальсі,  
Көңіліңде мәңгі жатталсын- деп, ортада «Вальс» қарсы алыңыздар*

**Әсем вальс.**

Хафиз	Асма
Нұрдос	Ақбөбек
Нұралы	Жұлдызай
Ақансері	Райана
Жарас	Медина
С.Әлинұр	Кәусар.

**Гүлжихан:** Тамсандырып ән салам,

Естіген жан тамсанған.

Жүректерге жетсінші-деп,

Айту үшін жан салам-дей, отырып ортаға өздері әнші, өздері биші «Қыздар тобын» «Ауылымды сағындым» әнімен ортаға шақырамыз.

**Ән: «Ауылымды сағындым»**

Орындайды: Ақбөбек,	Медина	
Асма	Ханшайым	Райана
Асылтас	Гауһартас	

**Алтынтөре:** Өнерпаздар жарысып ән салады,

Жиын десе, той десе жан салады.

Бүгінгі кешіміздің құрметіне,

Әлинұр мен Райана домбырамен айтысып ән салады.

**Айтыс: Райана мен С.Әлинұр**

**Вальс: Нұралы-Айзере**

**А,Әлинұр-Аршат**

**Досхан-Айжұлдыз**

**Ханшайым-Алихан**

**Аянат- Шапағат**

**Гауһартас-Мансұр**

**Асылтас- Нұрхан**

**Райана:**

*Бақша біздің панамыз,*

*Мектеп біздің анамыз.*

*Ұлағатты ұстаздан,*

*Білім алып барамыз. -деп келесі кезекте Хор: Біз мектепке барамыз.*

**1 қатар:** *Ақбөбек, Нұрдос, Жұлдызай, Ақансері, Кәусар, С, Әлинұр, Райана, Шапағат, Аршат, Досхан, Аянат. Нұрхан.*

**2 қатар:** *Асма, Хафиз, Медина, Жарас, Ханшайым, Нұралы, Айзере, А.Әлинұр, Айжұлдыз, Әбілмансұр, Асылтас, Алихан, Гауһартас.*

**Гүлжихан:** *Бүгін міне, балабақшамыздың түлектерін ұшырғалы отырмыз. Балабақшаға бүлдіршін болып келіп, шәкірт болып аттанғалы тұрған тәрбиеленушілеріміздің балабақша қабырғасында жүріп, «Қатынас», «ТАНЫМ», «Денсаулық», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» дағдыларында өздерін дамытып, білімдерін шыңдап, мектеп білім ордасының табалдырығын аттауға дайын екендерін таныта білді. Биылғы түлектер өнерлі алғыр болып мектепке де зор табысқа ие болады деген сенімдеміз. Осыған орай балабақша түлектеріне ақ жол тілеп, лебізін білдіруге балабақша меңгерушісі Алмагүл Ерболатқызына сөз береміз.*